

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

ӘОЖ 321.017 (575)

З.К.Аюпова¹, Д.Ө.Құсайынов²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы
(E-mail: zaure567@yandex.kz)

Қазақстан Республикасындағы саяси жүйені жетілдірудің құқықтық негіздері мәселесіне

Мақалада көп партиялықты, өкілдік демократияны, сонымен қатар ұлттық идеологияны жетілдірудің конституциялық негіздері қарастырылған. Авторлардың ойынша, осы факторлар жаһандану кезінде мемлекеттілікті нығайтудың негізі болып есептеледі, жазу барысында авторлар еліміздің таңдаулы мемлекеттанушыларының еңбектеріне сүйенген.

Кілт сөздер: саяси жүйе, саяси партиялар, көп партиялықтық, ұлттық элита, ұлттық идеология, мемлекеттілікті жетілдіру, мемлекеттік билік, мемлекеттік аппарат, құқықтық негіздер, құқықтық тетіктер.

Әлемде болып жатқан демократиялық үрдістерге жауап бере отырып, қазақ елі өзінің мемлекеттігін одан әрі қарай дамытудың ауадай қажет екендігін мойындайды. Еліміздегі демократиялану процестерінің әсерінен көп партиялық саяси жүйе пайда болып, қазіргі еліміздің заң шығарушы органы — Парламентте үш партия өкілдерінен тұрады. Бірақ бұл жеңіске біз бірден қол жеткізген жоқпыз, белгілі дәрежеде тәжірибе мектептерін бастан кештік. Сонымен қатар көп партиялы жүйенің кемшіліктерінің бірі — ұсақ, бір-бірін қайталайтын партиялардың да өмір сүре беретіндігі болса керек. Алайда жалпы партиялар саны қанша деген мәселе бірінші орында ешқашан тұрған емес, маңыздысы, мемлекеттік органдарды құруға шынайы қатыса алатын партиялардың саны қанша және олардың саяси бағыты қандай деген мәселе болмақ. Бұл мәселеде көп партиялы жүйе және партиялардың көптігі туралы екі мәселені бір-бірінен ажыратып қарағанда ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады. Қазақстан тәуелсіздігін алғалы бері бұрынғы кеңестік бір партиялы жүйеден эволюциялық жолмен көп партиялы жүйеге қарай даму жолына бет бұрды. Оған дәлел ретінде Елбасының 2000 ж. Қазақстан халқына Жолдауында айтылған: «Өткен он жылдың ішінде біз еркін сайлау өткізілетін, он алты саяси партия жұмыс істеп жатқан, оның төртеуі Парламентте өкілдік ететін қоғам құрдық. Екі жарым мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдары бар қоғам құрдық. Кәсіпқой екі палаталы Парламенті мен тәуелсіз сот жүйесі бар қоғам құрдық» деген сөз жолдарын келтірсек болады [1]. Олай болса, біз қазір Қазақстанда демократиялық тұрпаттағы саяси жүйенің жағдайына қалай қараймыз? Ізденуші ретінде мемлекеттік биліктің жоғары органдарының қызмет саласын терең зерттеген сайын, шешімін таппаған көптеген мәселелер мазалап, соғұрлым өткір, қиын сұрақтар туындайды. Республиканың саяси жүйесі, мемлекеттің қазіргі даму сатысы әлі де өтпелі сипатқа ие болып отырғаны баршаға белгілі жағдай.

Осы мәселе жайлы академик М.Т.Баймаханов 1994 ж., партиялар енді қалыптасып келе жатқан кезеңде, мынадай ой білдірген екен: «Құқықтық мемлекетке өту бұрын өмір сүрген бір партиялық жүйеден міндетті түрде ажырауды және біртіндеп көп партиялы жүйені қалыптастыруды көздейді. Бір партиялық жүйе, әдетте, заң үстемдік құратын тәртіп құру мен сақтау мүмкіндігін жоққа шығарады. Өзінің сипатына орай, алдымен, ол жекелеген асыра пайдалануға алып келсе, уақыт өте келе — тәлкек пен заңсыздыққа алып келеді. Көп партиялы жүйенің бір партиялыққа қарағанда,

сөзсіз, бір артықшылығы бар: әрбір партияның, әсіресе парламентте көпшілік орынға ие және үкіметті құратын партияның әрекеттері — қалған партиялардың қатаң қарауында болады және оның заңды кішігірім бұзуының өзі жария болып, сынға ұшырайды» [2]. Сонда партиялық жүйенің қаншалықты маңызға ие екендігін білу үшін мынадай бір анықтаманы айтып өткіміз келеді, заң саласында мемлекет нысанын сипаттау үшін «саяси режимнің мемлекеттік басқару амалдары мен тәсілдерінің жиынтығы тұрғысында тар мағынасы да, сонымен бірге жеке тұлғаның демократиялық құқықтары мен саяси бостандықтарының кепілді деңгейі, ресми конституциялық және құқықтық нысанның саяси шындыққа сәйкес келу дәрежесі, билік құрылымдарының мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық негіздеріне қарым-қатынасы сипаты тұрғысынан алғандағы кең мағынасында да маңызы зор», дейді Ресейдің белгілі мемлекеттанушысы В.Лазарев [3]. Ал, саясаттанушылар оны «бұл мемлекеттік билікті жүзеге асыру әдістері мен құралдарының жиынтығы» деп түсіндіреді [4]. Жалпы, осы «саяси режим» термині мемлекет конституцияларында мүлдем дерліктей қолданылмайды және біздің еліміздің Негізгі Заңында да бұл термин көрсетілмеген. Оның орнына барлық конституцияларда саяси режимге қатысты мәселелерді реттейтін нормалар қарастырылады. Мұндай норма біздің қолданыстағы заңнамада да бар. Саяси режимге «билікті жүзеге асыру процесінде қалыптасатын және үстемдік құрушы саяси идеологияға және қоғамның саяси мәдениеті деңгейіне негізделетін қоғамдық қатынастардың жиынтығы» ретінде анықтама беруге болады [5]. Кейде «мемлекеттік режим» ұғымы да қолданылады, ол мемлекеттік билікті жүзеге асыру нысандары мен әдістерінің жиынтығын және бұл процеске ел азаматтарының қатысуын білдіреді.

Негізі, елде орын алған саяси режимнің сипатын анықтау күрделі екені белгілі, өйткені әр түрлі саяси күштер мен саяси қозғалыстар оны түрлі түсіндіреді. Мұндай жағдайда партиялық жүйенің даму дәрежесі, мемлекеттік билік органдары арасындағы қарым-қатынас, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің халықпен байланысы, үстемдікті идеологияның сипаты немесе оның мүлдем болмауы, қоғамның саяси және құқықтық мәдениет деңгейі, ел басшысының жеке тұлғасы, діннің ықпалы сияқты көптеген факторлар маңызға ие болады. Сонда, президенттік басқару нысаны мен біртұтас мемлекеттік құрылыс нысанын Конституцияда бекіту Қазақстан мемлекеттілігінің сыртқы нысаны туралы көрініс бергенімен, мемлекеттің толық сипаттамасы үшін, оның ел өмірінің саяси билігіндегі қандайда бір институттарының, түрлі демократия институттарының рөлі мен адамның саяси процестегі орны жеткіліксіз болады. Аталған институттар «саяси режим» деген ұғымның аясына кіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев біздің қоғамдағы саяси жетілдіру сипаты мен демократияны орнықтыру жайында мынадай тұжырым жасайды: «Қазақстан ТМД-ның өзге елдері сияқты өтпелі кезеңдегі мемлекет болып табылады. Әлем мұндай жағдайда барлық институттар, ең алдымен, саяси институттар ұзақ эволюциялығымен сипатталатындығын түсінуі қажет. Біз жетілдірудің жалпы сипатта болуын мойындауымыз қажет, бұл орайда саяси трансформацияның қарқыны қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық салаларының трансформациялану мүмкіндігіне тәуелді. Тиісінше, саяси жаңарудың жылдамдығы мен ауқымы, ең алдымен, әрбір мемлекет пен қоғам үшін әр түрлі болып келетін тұрақтылық әлеуетіне қарай беріледі [6]. Иә, өтпелі кезеңдегі қоғамда жағдай жылдам өзгеріске ұшырап отырады, тіпті алдыға қойылған мақсат-міндеттерді іске асыру тәсілдері бір-бірімен қайшылықта да болып жатады. Қоғамдағы саяси реформалар қазірде әлеуметтік-экономикалық жетілдіруден көш кейін келе жатқандығы да шындық. Еркіндік, теңдік, демократия идеалдары үшін күреспей тұрып, егер олар Конституцияда жария етілсе де, құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. Сондықтан «күшті азаматтық қоғам — бұл саясиленбаған қоғам емес, ал саясатқа белсенді және ақылмен қатысу арқылы өзінің келешекте үйлесімді қалыптасуын қорғау мақсатында саяси процестердің тетіктерін толықтай бағындыратын қоғам» [7; 209]. Құқықтық мемлекет, демократиялық режим қалыптастыру — қоғамның алдында бірінші кезектегі міндетті — қажетті құқықтар мен бостандықтармен қорғалған жеке тұлғаны қалыптастыру міндетін қояды. Саяси режимнің Қазақстан Республикасының Конституциясында реттелу мәселелерін қарастырар болсақ, оның Негізгі Заңда әр түрлі жақтары көрсетілгенін байқауға болады, атап айтқанда: биліктің халыққа тиесілі болуы — мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық (3-б. 1-т.); биліктің бөлінуі (3-б. 4-т.); саяси плюрализм (5-б. 1-т.); азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтары, олардың саяси өмірге өз беттерінше қатысу мүмкіндіктері (23, 32, 33-б.). Осылайша, Конституцияда Қазақстан Республикасында демократиялық саяси режимнің белгілері жеткілікті бекітілген дей аламыз. Алайда, уақыт көрсетіп отырғанындай,

Қазақ ССР-інің 1977 ж. және 1978 ж. Конституцияларының мазмұны қағаз жүзінде демократиялы болғанымен, демократиялық институттар іс жүзінде орын ала бермейтін. Сондықтан саяси режимнің сипатын анықтаған кезде конституциялық нормалардың іс жүзінде қалай жүзеге асырылатынын да талдау қажет демекпіз.

Сайлау демократиялық нысанның орталық институты болып табылады. Сонда демократиялық сайлау дегеніміз не? Ол, ең алдымен, бәсекелі нысанда болуы тиіс. Демократиялық елдерде сайлау кезең-кезеңімен жүргізіледі, оларда президент өмір бойы басқаруға сайланбайды. Демократиялық сайлау — бұл өмір сүру үшін күрес емес, керісінше, халыққа қызмет ету құқығы үшін жарысу. «Сайлау — бұл билікке жетер кілт. Сайлаудың мақсаты — ең үздіктердің басқаруы», — деген А.Котовтың анықтамасы сайлаудың мақсатын айқындап береді [8]. Партия жүйесі мен көп партиялықтың қалыптасуына түрлі деңгейдегі өкілдік органдарды сайлау үлкен ықпал жасайтындығы белгілі нәрсе. Өздерін партия деп атайтын қоғамдық бірлестіктер үшін сайлау олардың қоғамдағы шынайы салмағы мен беделін анықтап береді. Бұл көзқарасымызды мынадай тұжырымдар арқылы дәлелдеп көрсетуге болады. Елімізде 2007 ж. 21 мамырда өз күшіне енген Конституциялық заңға сәйкес, Парламент депутаттарын сайлаудың пропорционалды жүйесі енгізілді, ол саяси партиялардың рөлін арттыруға, олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталады деп айтылды. М.Әшімбаев 2007 ж. реформа туралы «Казахстанская правда» газетіне берген сұхбатында, «Депутаттарды сайлаудың мұндай жүйесін енгізу өте түбегейлі өзгеріс емес пе?» деген тілшінің сұрағына: «Егер біз Қазақстанда дамыған демократиялық жүйе құрғымыз келсе, онда саяси партияларды нығайтуымыз және рөлін көтеруіміз қажет. Пропорционалды жүйе Қазақстанда саяси мәдениетті біртіндеп қалыптастыратын болады... мажоритарлық жүйе елімізде шынайы көп партиялықты объективті түрде шектейді. Пропорционалды жүйе сайлаушылардың белгілі бір қолдау деңгейіне ие барлық негізгі саяси күштер өкілдік етуіне жәрдемдеседі», — деген еді [9]. Ендеше, содан бері қарайғы саяси өмірімізде қандай өзгерістер, ұтыстар мен ұтылыстар болғанын бағамдап көргенде, әсілі, сайлаудың екі негізгі мүмкіндігі бар екендігі белгілі, біріншісі көпшілік дауыспен сайлану (мажоритарлық сайлау жүйесі), екіншісі, пропорционалдық өкілдік (мысалы, партиядан, облыстан өкілдік).

Бұрынғы норма бойынша жай көпшілік дауыс, яғни 50 пайыз және бір дауыс, жинаған үміткер сайланған болып есептелетін. Әдетте, мұндай жүйе екі партиялы жүйесі бар елдерде болады. Жеңіп шыққан үміткер айтарлықтай басым тұрмаса, сайлаушылар дауысының 49 пайызының жоғалуы бұл жүйенің кемшілігі болса, тәуелсіз үміткерге сайлануға мүмкіндік беруі, сол арқылы партияны емес, жеке тұлғаны таңдауы бір артықшылығы деуге болады. Ал, енді енгізілген пропорционалды жүйеге келер болсақ, мандаттар партия жинаған дауыс санына тура пропорционалды түрде бөлінеді. Бұл жүйе парламентте партиялардың өкілдік етуімен ерекшеленеді. Сайлау жүйесінің біздегі таңдап алынған түрі жайында Қ.Тоқаев: «Мәжілісті жасақтаудың жаңа қағидаты — Қазақстанның демократиялық дамуындағы үлкен прогресс. Сөз шынайы парламентаризм жөнінде болып отыр. Өйткені жеңіске жеткен партиялар елдің заңнамалық органында халықтың басым бөлігінің мүдделерін білдіруге және тиімді қорғауға мүмкіндік алады. Сайлауға тек қана партия атынан түсу — елдегі саяси күштердің танымалдық деңгейі мен ықпалы, халық арасындағы беделін нақты сараптауға мүмкіндік береді», — дейді [10]. Бірақ, біздің ойымызша, бұл жүйенің де өз кемшілігі бар. Сайлаушы жеке тұлғаны емес, тек партияны таңдайды. Бұл жүйе белгілі бір дәрежеде өкілді жеке жауапкершілігінен де айырады. Мысалы, 1993 және 1995 жж. Ресейде Мемлекеттік думаға сайлау барысында екі рет осы пропорционалды жүйе қолданылып, сарапшылар бұл жүйенің тағы бір кемшілігін ашып берген еді. Өйткені 6–10 % деңгейіндегі жоғары пайыз партиялардың пропорционалды өкілдік ету қағидасын бұрмайды [11]. Ал, батыстың демократиялық стандарттары деңгейіндегі «пайыздық деңгейді» (2–5 %) қолдану басқа бір қиындықты туындатады екен. Оған бір ғана мысал ретінде Ресейдегі В.В.Жириновский партиясының сайлаудағы жеңісін айтуға болады. Тағы бір айта кетер жайт, егер бір партия сайлауда абсолютті дауыс санын жинаса, онда парламент бір партиялы болмауы үшін екінші орында келе жатқан партия автоматты түрде 10 пайыздық квотаға ие болады (мысалы, осындай тәжірибе Ресейде қолданылады).

Қоғамда әлі өркениетті нысанда көп партиялық жүйе қалыптаспаған және халықтың саяси немқұрайдылығы күшті болған жағдайда, тек қана пропорционалды сайлау жүйесін ғана пайдалану депутаттардың сайлаушылардан алыстап кетуіне алып келуі мүмкін деген саясаттанушылардың көзқарасы біздің қоғамда нәліктен бір партиялы жүйенің орын алып отырғанын белгілі дәрежеде ашып береді. Себебі көп партиялық жағдайда ғана «пропорционалды жүйе дауыс беру нәтижелерін

анықтауда барынша демократиялық нысан болып табылады, өйткені оның негізінде сайланған органдар өкілдік сипатқа ие болады» [12; 20]. «Мажоритарлық» үлгі таза күйінде Англияда көрініс тапқан, ол жерде салыстырмалы түрде көпшілік дауысқа ие болған үміткер депутат болады, ал оның бәсекелестеріне дауыс берген сайлаушылар заң шығарушы органда өкілдерінің болу мүмкіндігінен айрылады. Ол екі партияның тұрақты өмір сүруіне сүйенетін үкіметтің тұрақтылығына алып келеді. Ал, американдық жүйеде республикалық және демократиялық билікті ауыстыратын негізгі екі партия арасын бөліп тұратын сайлау жүйесі қарастырылған. 1958 ж. қабылданған француз үлгісі, ағылшын үлгісіне қарағанда, мажоритарлық белгілері анағұрлым икемдірек. Францияда негізгі айырмашылық сайлау тетігінен көрінеді: бірінші турда абсолютты көпшілік дауыс жинамаған, бірақ, басқаларына қарағанда, көбірек дауыс жинаған екі партия өз үміткерлерін екінші турға шығарады, бұл турда көпшілік дауыс жеткілікті болады. Президенттік басқару жүйесімен бірге бұл үлгінің айтарлықтай икемділігін байқауға болады. Президенттік блок жеңіске жетсе, атқарушы билік қажетті өкілеттіктерге ие болады, ал президентке қарсы күштер жеңіске жетсе, демократиялық күштердің жұмыс істеуіне қажетті кепіл сақталып қалады. Соңғы жылдардың тәжірибесінен көрініп отырғанындай, ағылшын және француздық сайлау жүйелері осы мемлекеттерде салыстырмалы түрде алғанда саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп отыр. Қалай болғанда да, «мажоритарлық жүйеге қарағанда, пропорционалдық жүйе халық мүддесін толығырақ есепке алады деп саналғанымен де, мажоритарлық жүйенің артықшылығы — ол қоғамдық проблемаларға тереңрек үңілуге қабілетті болуында» [12; 22]. Себебі саяси партиялар қоғамдық өмірдің ерекше бір саласына жатады. Азаматтық қоғам ұғымына берілетін ғылыми анықтамаларда оның негізгі бір белгісі саясаттың болмауы деген көзқарас бар. Бұл пікірді жақтаушылар саясат — бұл мемлекеттің ісі және оның органдарының қызметіне байланысты, дейді. Ал, С.Оспановтың пікірі бойынша: «Азаматтық қоғамды құратын халық белсенді болмаса — жекелеген индивидтер саясатқа белсенді қатысатын азшылық тарапынан жасалатын әр түрлі сипаттағы қысымға шыдап та келген, шыдай да бермек» [7; 209]. Даму жолындағы елдердің қазіргі заманғы саяси тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, билік құрылымдарының саяси және құқықтық мәдениетке қарым-қатынасы сол қоғам өміріндегі саяси режимді айқын сипаттайды. Академик Ғ.Сапарғалиев ол туралы былай дейді: «Парламентарлық республика құру саяси процесте шынайы тұғырға ие, қалыптасқан саяси партияларсыз, сондай-ақ өзін-өзі басқару органдарының жүйесі болмай тұрып, мүмкін емес. Басқаша айтқанда, парламенттік демократия қалыптасқан көп партиялы жүйе болғанда ғана мүмкін болады. Елдің саяси өмірінде атсалысуға қабілетті, қоғамдық пікір қалыптастыратын күшті саяси партиялардың болмауы, сондай-ақ азаматтардың конституциялық шеңбердегі таным-түсінігі мен тиісті тәртібінің жеткілікті деңгейде болмауы Қазақстанда парламенттік басқару нысанын қолдануға жол бермеді» [13].

Осыған байланысты «Қазақстандағы қазіргі заманғы конституциялық процестің ерекшелігі — оның субъектілері толыққанды саяси партиялар емес, ал мемлекеттік билік институттары болғандығы» деген Б.Майлыбаевтың сөзімен келіспеуге болмайды [14]. Сондықтан бүгінгі күн талабына сай, өзара әрекет жасау жүйесі тұтас партия жүйесін құрай алатын саяси партиялар құру қажет. Бүгінде Қазақстанда қазақстандық көп партиялықтың қалыптасуы үшін негіз қалаушы саяси және экономикалық элитаның ықпал жасауы туралы мәселенің маңызы зор. Демократиялы батыс елдеріндегі заң шығарушы биліктің жоғары тиімділікпен қызмет етуі, ең алдымен, партиялардың күштілігімен қамтамасыз етіледі. Тиісті парламенттік фракцияға кіретін депутаттар сол партия дайындаған заңдардың жобаларына қарсы дауыс бермейді. Олай болмаған жағдайда келесі парламенттік сайлауда партиялар оларға қолдау көрсетпейді, сөйтіп, оларға өз беттерінше сайлануға тура келеді. Ал, мұндай жағдай табысқа қол жеткізуді азайтады. Себебі батыстағы электораттың басым көпшілігі үміткердің партияда мүше болуына баса назар аударып, соған бағдар жасайды. Біздің елде партиялардың қазақстандық электоратқа ықпал жасауы бүгін-ертең қолға алынады деп болжам жасай алмаймыз. Н.Назарбаев 1992 ж. «көп партиялық жүйе жасанды қалыптаспайды, ал қоғамның әлеуметтік-экономикалық біртұтастығының нарық пен халықтың негізгі тобының мүдделерін айқындау жолына қарай табиғи бұзылуы есебінен оған шынайы негіз қаланғанда орын алады» деп айтқан екен [15]. Бірақ ол кезде бұл процесті бір нәтижеге жеткізуге мүмкіндік болмады. Экономикалық және әлеуметтік жетілдіру жүргізу қарқынын тежеген заң шығару саласындағы кемшіліктер атқарушы биліктің елдегі орын алған дағдарыстың алдын алу үшін әрекет жасауына түрткі болды. Ал, қазір парламентте толыққанды көп партиялы жүйенің болмауы біздің қоғамдағы өтпелі кезеңдегі онсыз да күрделі қиындықтарды тереңдетіп жіберді.

Негізінде заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы қарама-қайшылықтар әдеттегі демократиялық мемлекеттерде партия тетігі арқылы шешімін табады, әзірге Қазақстанда мұндай тетік енді ғана пайда бола бастады. Партия өкілдерін билік құрылымынан, ең алдымен, заң шығару органынан аластау билік жүйесінің ішкі байланысын жоғалтып алуға алып келуі мүмкін. Ол, өз кезегінде, үкімет саясатының ішкі бірлігінің жетімсіздігіне алып келеді, оның салдарын қазір байқап та отырмыз. Біздің айтарымыз, президенттік биліктің демократиялық үлгісін дамыту жолында бір-бірімен бәсекеде болатын саяси партиялар мен бірлестіктердің қызметін белсенді ету елеулі рөл атқарары сөзсіз. Қоғамды демократияландырудағы мақсат — көп партиялы жүйені қалыптастырумен бірге, азаматтардың саяси өмірге араласуын да қолдау болмақ. Бұл мәселелердің шешімін табуға қол жеткізуге бола ма? 1998 ж. өзінде Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында негізгі 7 бағыт бойынша саяси және конституциялық реформа жүргізуді ұсынған болатын, олар: «сайлау, парламенттік реформа, саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдар, сот жүйесі, баспасөз бостандығы, әйелдер жағдайы» [16]. Президенттің бұл ұсынысына қолдау көрсетудің бір жолы сол кездегі Парламенттің 1998 ж. 7 қазандағы «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды және одан кейін 2007 ж. Конституциялық реформа жүргізу туралы заңды қабылдауы болды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы — бұл өз кезеңіндегі құжат. Ол Қазақстанның өтпелі кезеңдегі даму жолын ескере отырып жасалған. Ал өтпелі кезең мен оның мерзімі туралы біздің қоғамымызда әлі бір түйінге келген көзқарас, пікір жоқ екендігін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар мемлекеттің экономикалық, қоғамдық құрылымының тұрақтылығын қамтамасыз ету тетіктерін жасауға бағытталды. Дегенмен, әлі қоғам өмірінде шынайы жүзеге аспаған, бірақ Негізгі Заңда жария етілген қағидалар бар. Ол Қазақстан Республикасы Конституциясының болашақтағы әлеуеті жайлы ойды тұжырымдауға жол ашады. Соңғы өзгертулер өз деңгейінде, талапқа сай жұмыс істеп жатыр деп айту әлі де ертерек, өйткені мұндай тұжырым жасауға жаңа нормаларды іске асыруда экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа да факторлардан туындайтын қиындықтар кедергі болып отырғандығы бүгінгі өміріміздің шындығы.

Өзгерген саяси-экономикалық жағдайларға қарай Конституцияны реформалап, толықтырып жетілдіріп отырмаса, ел дамуына кері әсер ететіндігі анық. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев Парламент Палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзінде: «Заңдылық пен конституциялық тәртіп сақталмайтын жерде, экономикалық және әлеуметтік берекесіздік орын алған жерде, адамның іргелі құқықтары, азаматтардың армандары мен үміттері қамтамасыз етілмейтін, келешегі бұлдыр жерде демократия құру мүмкін емес екендігін бүгінде әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр», — деген тұжырымын конституциялық реформа жасау қажет болғанда заңгерлер мен қоғам қайраткерлерінің ылғи да назарында боларлық проблемалық мәселе деп қараймыз [17].

Осыған орай көп партиялық демократия белгісі деп таныр болсақ, онда парламенттегі партиялық фракциялардың рөлін дамытуға баса назар аудару керек. Өйткені, даму жолындағы елдердің қазіргі заманғы саяси тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, билік құрылымдарының саяси және құқықтық мәдениетке қарым-қатынасы сол қоғам өміріндегі саяси тәртіпті айқын сипаттап береді. Бүгінгі күні көп партиялы жүйесіз демократиялық қоғамды көз алдыға елестету мүмкін емес, сол үшін басқарушы партиямен қатар, заңды түрдегі оппозиция өкілдері бар басқа да партиялардың болуы қажет. Әзірге Қазақстанда партиялық жүйедегі өзіндік ерекшелік нормативтік-құқықтық негізге келіп тіреледі, яғни Конституция да, өзге заң актілері де саяси партиялардың мемлекеттік саясатқа белсенді араласуына теориялық тұрғыдан мүмкіндік бергенімен, іс жүзінде ол мақсат толық орындалмай жатқандығы да өмір шындығы. Ал, саяси партияларды құрудағы мақсат саяси өмірге ең бірінші сайлау арқылы араласудан тұрады емес пе. Қоғамның мүддесін білдіретін шынайы партияларды халық қолдайды, халық үшін кезекті шенеуніктің қандай орынға отырғаны емес, ал қоғам үшін, жеке отбасы мен ұрпақ алдындағы борышы үшін партияның не беретіндігі туралы толғаныс бірінші орынға шығады.

Сондықтан мемлекет Конституциясы ең алдымен, бүкіл қоғамның мүддесі үшін реформаны жалғастырудың кепілі, мемлекеттік саясат процесіне түзетулер енгізуге бағдар болып табылады. Тәуелсіздік алған жылдардан бері демократияны дамытуға іргетас қаланды, жеке адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары сақталатын мемлекет құрылды. Бұл, Елбасы атап өткеніндей, мынадай проблемаларды ойдағыдай шешудің нәтижесі болды:

– «түрлі ұлттардың, этникалық топтар мен діни сенімдегі адамдардың өзара келісімі мен бір-бірін құрметтеуіне қол жеткізу;

- еркін сайлау өткізу, әрекет етуші парламентаризм дәстүрін енгізу, демократиялық институттардың белсенді қызмет жасауы үшін жағдай жасау;
- азаматтық қоғамның тәуелсіз институттарын ұйымдастыру, қоғамда маңызды орын алатын үкіметтік емес ұйымдарды қалыптастыру;
- еркін және тәуелсіз баспаларды, мемлекеттік билік жүйесінде ашық ақпарат ағынын құру;
- экономиканы реформалау;
- бейбіт ішкі және сыртқы саясат жүргізу» [18].

Алайда А.Ащеулов, Ө.Қопабаев сынды заңгерлер бұл міндеттің шешімін табу күрделі және қайшылықты процесс, ол бірқатар факторларға негізделеді дейді: «Халықтың әлеуметтік топтарға бөлінуінің аяқталмауы, демократиялық жетілдіруді халықтың солғын қабылдауы, негізгі топтардың өз мүдделерін саналы түрде білдіруге қабілетсіздігі, демократиялық даму үлгісінің толық көлемде қалыптасып бітпеуі», — деген көзқарастарын алдыға тартады [7; 133]. Демократияның қалыптасуы көп жағдайда жүргізілетін реформа нәтижесіне, яғни қоғамның экономикалық әлеуетін көтеруге, жеке меншіктің тиімді жұмыс істеуіне, демократияландыру процесіне халықты кеңінен тартылуына, мемлекеттік саяси идеологияның кемеліне келу дәрежесіне, ТМД елдерінің интеграциялану деңгейіне, сыртқы қоршаған ортаның жағымды болуы мен құзыретті және белсенді демократиялық көшбасшылардың болуына тәуелді болады» [19]. В.Петрова, А.Ащеулов қатарлы ғалымдар демократияның қалыптасуы үшін «интегративтік идеологияның маңызы ерекше — өйткені «өз күшіне сен» деген қағида ізгілік құндылығынсыз қоғамның жоғары сатыға көтерілуін қамтамасыз ете алмайды. Мұндай идеяның негізгі мақсаты — азаматтардың тәуелсіз мемлекеттің, оның экономикалық, саяси, әлеуметтік жүйелерінің қалыптасуы мен дамуының негізгі проблемаларын шешуге жұмылуы. Жалпы азаматтық құндылықтарға сүйеніп отырып, ол ұдайы байытыла бермек деген көзқарастарын білдіреді» [7; 134]. Қазақстан Республикасында демократияның қалыптасуы мен дамуы тек экономика мен саяси салалардағы реформалардың нәтижесіне ғана емес, сонымен бірге қоғамда біріктіруші, яғни интегративтік идеологияның тиімді жұмыс істеуіне де тәуелді болады, ол биліктің барлық тармақтарының жоғары келісім деңгейінің болуын да көздейді. Академик С.З.Зиманов ұсынған биліктің үйлесімді бөлінісі қағидасын тоқтамай және белсенді түрде жүргізу оған кепіл бола алады. Жалпы «идеология» термині XVII ғасырда Еуропада қолданысқа енгізіле бастады. Одан бері осы қоғамдық-саяси құбылысқа көптеген көзқарастар пайда болуда. Кеңестік заманда идеология қоғамдық идеялардың, теориялар мен көзқарастардың жиынтығы ретінде қарастырылып келді. Марксизм идеологиясы конституциялық деңгейде бекітілді.

Қазіргі кезде заң әдебиеттерінде мемлекеттік идеология туралы мәселе кеңінен талқылануда. Бір тарап мемлекеттік идеология қажет емес деген көзқарасты ұстанып, қандайда бір партия мемлекетті монополияға айналдырып алады да, халықтың емес, ал белгілі бір топтың, адамдардың мүддесіне жұмыс істейді, дейді. Ресейдің бір топ ғалымдары мемлекеттік идеология болуы тиіс, дейді. С.С.Алексеев: «Мемлекеттік идеология — бұл мемлекет көзқарасымен және мүддесімен әлеуметтік шындықты бейнелейтін, бағалайтын және жетілдіретін идеология», — деп есептейді [20]. Әрине, мемлекет өз қызметін белгілі бір идеялар, теориялар мен тұжырымдамалар негізінде ұйымдастырып, жүзеге асырауы сөзсіз. Академик Ғ.Сапарғалиев мемлекет идеологиялық құбылыстарға үш жақты қарауы мүмкін дейді: біріншісі, мемлекет түрлі, тіпті бәсекелестіктегі идеологиялық ағымдардың өмір сүруіне жол береді. Екіншісі, мемлекет өз саясатын қалыптастыру үшін идеялары мен тұжырымдарын қолданатын бір идеологиялық ағымға артықшылық беруі мүмкін. Үшіншісі, мемлекет қандайда бір идеологияға басымдық бермей, түрлі идеологиялық ағымдардан өз мүддесіне сай келетін элементтерді алуы мүмкін дей келе, «мемлекеттік идеология» ұғымына анықтама береді. «Мемлекеттік идеология — бұл қоғам шындығын бейнелейтін, бағалайтын және белгілі бір әлеуметтік топтардың немесе бүкіл қоғамның мүддесі үшін жетілдіру құралы ретінде қызмет ететін идеология», — дейді [21]. Сонда демократиялық, құқықтық мемлекет құру жолына түскен және азаматтық қоғам институттарын қалыптастыруды маңызды міндет ретінде алдыға қойған біздің мемлекетіміз үшін жалпы мемлекеттік идеологияның болуы аса қажетті екенін аңғарамыз. Ол үшін «идеологиялық алуандылық қағидасын мемлекет пен қоғамның мойындауына негізделген конституцияның идеологиялық функциясының маңызы зор» деген Қ.Айтхожиннің пікірі орынды демекпіз [22]. Сол кезеңде Отан партиясында қызмет еткен қоғам қайраткерлері С.Терещенко және А.Балғымбаев болса, «әрбір мемлекет дамыған сайын өз идеологиясына ұмтылады. Біз мемлекеттік идеология қалыптастыруды қолдаймыз, оның басты негізі жалпы ұлттық идея болуы тиіс», дейді [23]. Олардың ойынша, мұндай идея ретінде қоғам да, билік те келісетін идеялар мен қағидалар жүйесін

атауға болады деп жалпылама тәсілмен көрсетеді. Ал, нақты қандай ұлттық немесе мемлекеттік идея қоғамды біріктіруші күш ретінде болатындығы жайлы ешқандай ой айтылмаған. Қазақстанда бүкіл қоғам үшін өміршеңдігімен және қолайлығымен ерекшеленетіндей қандай ұлттық идея қандай шарт-жағдайда қалыптасуы мүмкін екендігі жайлы Д.Кішібеков: «Біздің жетпіс жылдық тәжірибеміз көрсетіп отырғанындай, марксистік идеологияның ғана үстемдік құру өзін-өзі ақтамады... енді біреулері марксистік идеологияның орнына — діни, ал басқалары ұлттық идеология ұсынады. Сайып келгенде, бұл «басқа» да моноидеологияның үстемдік құруына алып келеді, одан біз бас тартамыз», — дейді [24]. Ал, біздің көзқарасымыз бойынша, мемлекеттік идеология қазақ ұлтының, сонымен бірге Қазақстанда өмір сүретін барша халықтың мүдделерін ескеруі қажет. Қазақстан Республикасы Конституциясы жоғарғы заң күші бар нормативтік-құқықтық акті болып танылғандықтан, оның кейбір ережелері идеологиялық сипатқа ие. Қазақстан мемлекеті идеологиясының жүрегі қазақстандық конституционализм болып табылады, ол бірқатар тұрақты, бұлжымас элементтерге ие. Оларға билікті тармақтарға бөлу идеясы мен практикасы, президенттік басқару нысаны, мемлекеттің біртұтас құрылымы, аумақтық тұтастығы, құқықтық, демократиялық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет болуы жатады. Реформа жүргізуді іске асыруда назарға алынуы тиіс мәселенің біреуі — идеологиялық қамтамасыз ету, яғни ұлттық мемлекеттілікті құру жолына түскен қоғам үшін идеологияның, оның ішінде ұлттық идеяның болуы маңызды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың: «Ұлттық идея қоғамның өз ішінде пісіп жетіледі. Онда сырттан таңылған сипат болмайды. Ол, ең алдымен, өзінің ұлттық тұтастығын айқын түсінуге негізделеді» [25; 237] деген ойын әрі қарай дамытып айтар болсақ, Қазақ мемлекетінің ұлттық идеясы — бұл қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде орныққан өркениеттік белгілерді одан әрі дамытып, бүкіл Қазақстан халқының күнделікті өміріне орнықтыру. Сондықтан да Қазақстан мемлекеті көп этносты ел болса да, ұлтына қарамастан, барлық азаматтардың мүдделерін қорғайды. Сол үшін де барша халықты бір идея төңірегіне жұмылдыру міндеті алға шығады. Біздің бұл көзқарасымыз Елбасы Н.Назарбаевтың: «Мемлекеттік бірегейліктің екі деңгейі бар: 1) ұлттық бірегейлік [25]; 2) Қазақстан халқының саяси және азаматтық бірегейлігі» деген бағдарламалық ойынан туындап отыр [25; 217]. Президенттің «Бүгін «біздер — қазақстандықтар кімдерміз?» деген сырттай қарағанда қарапайым сауалға кез келген адам бірден жауап бере алмайды. Өзін-өзі бірегейлендіру проблемасын шешу үшін уақыт пен белгілі бір тарихи даму кезеңі қажет болады» деп айтқанынан бері де, міне, 13 жылдай уақыт өтіп кетіпті [25; 12]. Елбасымыз Н.Назарбаев осы аса өзекті мәселе хақында өзінің ой-толғамын былайша білдіреді: «Сонда ұлттық бірегейліктің нақты үлгісі дегеніміз не? Әлбетте, бұл қазіргі Қазақстанның саяси және мәдени өміріндегі ең бір қиын мәселе. Бірегейлік мәселесін шешуге екі деңгейлі көзқарас керек» [25; 187, 188]. Бастапқы деңгей Қазақстан халқының қалыптасуына байланысты болса, екінші деңгейде ұлттық мемлекеттік идея аса маңызды құндылық ретінде алға қойылады. Сонымен бірге ұлттық мемлекеттік идеяның қалыптасуын «қай ұлтқа жататына қарамастан, күллі қазақстандықтардың Отаны болып табылатын — бірыңғай, аумағы тұтас, тәуелсіз Қазақстан төңірегінде» [25; 188, 189] жұмылдырылуы арқылы іске асатындығын баяндайды да, «ұлт дегеніміз — ұлттың өзін-өзі билеу идеясы басын құраған адамдардың бірлестігі» деген анықтама береді [25; 197]. Ал, өз кезегінде, Е.Әбен ұлттық идеяның ұлттық бірлік мәселесімен тығыз байланыста болатындығын айта келіп: «Ұлт — этникалық категория. Алайда ол тарихи-әлеуметтік, геосаяси-мемлекеттік категория да болып табылады. Сол себепті де ұлттық бірлік идеясы жалпы халықтың және жалпы мемлекеттік мүдделермен тығыз байланыста қарастыруды қажет етеді. Олай болса, халықтық идея бар да, ұлттық идея бар» [26]. Жалпы қоғамдық ғылымдарда «ұлт» ұғымына түрліше анықтама беріліп келгені белгілі. Мәселен, соңғы кезде: «Ұлт — бұл тілі бір, жері бір, ғасырлар бойындағы тіршілік күресінен, тұрмыс салтынан, жиі қатынасынан туған мінез-жан сипаты бір жұрттардың қосылуы, бір жұрт болуы», — дейтін көзқарас орнығып келеді [27]. Ол үшін қоғамның өзі біртұтас болуы керек, оны Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабынан да көреміз, өйткені Қазақстан Республикасы біртұтас мемлекет болып жарияланған. Жалпы, тоталитарлық жүйе жағдайында, кеңестік империя кезеңінде жүргізілген солақай саясаттың құрбаны болған этностарға қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының кіріспесінде біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып,... осы Конституцияны қабылдаймыз деп атап көрсетілуі көп нәрсенің басын ашып береді. А.Котов «Қазақстан халқы» ұғымына мынадай анықтама береді: «Қазақстан халқы — тарихи бір тағдырмен біріккен адамдардың полиэтникалық тұрақты қауымы.

Қазақстан халқы біртұтас әлеуметтік мемлекет Қазақстан Республикасының тұрақты саяси қауымына бірігеді» [28].

Әрине, қазақ жерін мекендеген барлық ұлт өкілдерінің ойынан шығатын ортақ шешім қабылдау оңай іс емес. Осы орайда Қазақстанның мемлекеттік идеологиясын қалыптастыратын бір субъекті ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясын айтуға болады. Ассамблеяның қызметі ұлтаралық келісім мен елдегі тұрақтылықты сақтауға жәрдемдесу; барлық ұлттық топтардың өкілдері арасында достық қарым-қатынасты дамытатын мемлекеттік саясатты жүргізу жөнінде ұсыныстар жасау; олардың рухани-мәдени жаңаруына және теңдік негізінде дамуына жәрдемдесу; өркениетті және демократиялық нормаларға сүйенетін азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыру және т.б. Ұлттық қарым-қатынас, В.Лазаревтың көзқарасы бойынша, «бұл қоғамдық қатынастардың бір түрі» екен [29]. Сондықтан оларды құқықтық реттеуде тұтастай қоғамдық қатынастарды реттеу барысында қолданылатын негізгі қағидалар таралады. Тұрақты демократиялық дамудың басты шартының бірі барлық қоғамдық ұйымдардың Қазақстан қоғамының тыныс-тіршілігіне қатысуы екендігі белгілі. Осы орайда Ассамблея құрылғалы бері этносаралық қарым-қатынасты үйлестірудегі қоғамдық институт ретінде қызмет етіп келе жатыр. Ал, 2007 ж. мамырда қабылданған өзгерістер негізінде жүргізілген конституциялық реформа биліктің бүкіл өкілді тармағының рөлін айтарлықтай өзгертуге алып келді де, Ассамблеяның құқықтық мәртебесінің өзгеруіне де себеп болды. Жүргізілген реформаға сәйкес, жоғары заң шығарушы органда этникалық топтар өкілдерінің болуын қамтамасыз ету үшін Парламент Мәжілісінің тоғыз депутатын енді Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтындығы да аса маңызды өзгерістердің бірі (Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-б., 1-т.), сол арқылы Ассамблеяның рөлі күшейтіліп, конституциялық орган мәртебесіне ие болды (бұрын консультативті-кеңесші орган мәртебесіне ие болатын).

Қазақ елінде ұлтаралық келісім мен бейбітшілікті нығайту жолындағы бірегей саясаттың нәтижесі осындай болмақ. Бір жағынан, бұл Қазақстан қоғамының осы органға көрсеткен үлкен сенімі болса, екінші жағынан — мұндай сенім Ассамблея мен оның әрбір мүшесіне жауаптылық жүктейді. Ендігі жерде Парламент қабылдайтын барлық заң актілері ұлтаралық келісім, төзімділік пен тең құқылық сияқты талаптарға сәйкес келуіне қосымша сараптамадан өтетін болады. Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев 1992 ж. І-ші этникалық форумда алғаш рет айтқан еді. Белгілі қоғам қайраткері М.Әшімбаев 2007 ж. реформа туралы «Казахстанская правда» газетіне берген сұхбатында, «Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін күшейтудегі мақсат қандай?» деген тілшінің сұрағына: «Бұл ұйым бүгінде өз дамуының жаңа сатысында тұр. Біріншіден, енді бұл ұйым Қазақстан халқы Ассамблеясы деп аталатын болады, Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес, Қазақстан Халықтар Ассамблеясы атауына қатысты «халықтар» емес, ал «халық» деген ұғым дұрыс болатындығы жайлы мәселе бірнеше рет баспасөз беттерінде айтылып жүрді, екіншіден, Ассамблея конституциялық орган мәртебесіне ие болады, оның құрамын Президент жасақтайды. Үшіншіден, Ассамблея енді Парламентте өкілдік етеді, сөйтіп, заң шығару қызметіне ықпал етуге шынайы мүмкіндікке ие болады» — деген еді [30]. «Ассамблеяның қызметі: елде ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты сақтауға, барлық ұлттардың өкілдері арасында достық қарым-қатынасты дамытуға әсер ететін мемлекеттік саясатты жүргізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуге, олардың рухани-мәдени гүлденуіне және тепе-теңдік қағидасы негізінде дамуына ықпал етуге; азаматтардың өркениетті және демократиялық нормаларға сүйенген саяси мәдениетін қалыптастыруға; қоғамда туған әлеуметтік қайшылықтарды шешу үшін бәтуалық жолды іздестіру сияқты міндеттерден тұрады» [31].

Кез келген қоғамдағы сияқты біздің Қазақстан қоғамында да қандайда бір әлеуметтік қайшылықтардың орын алуы мүмкін. Сондықтан Ассамблеяның міндеті туындайтын қайшылықтарды алдын ала шешуге ұмтылу болмақ. Бірақ ұлттық тұтастық ұлтаралық келісіммен ғана шектелмейді. Ұлттар бірлігі ұрпақтар бірлігін де, билік институттары мен қоғамдық бірлестіктердің де өзара қарым-қатынасы. Бірақ қазіргі кезде этникааралық қарым-қатынасты реттейтін арнаулы орган бізде жоқ. Осы салаға қатысты барлық мәселелер Қазақстан Республикасы Конституциясының баптарымен реттеледі, қоғамдық татулық, қазақстандық патриотизм (1-б., 2-т.), Қазақстан халқының тілдері (7-б.), азаматтық (10–12-б.), жұрттың заң мен сот алдындағы теңдігі (14-б.), нәсіліне, ұлтына, тіліне, нанымына байланысты ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы (14-б. 2-т.). Десе де, басқа шет елдерде де бұл саланы реттеуші арнайы органның болмауы қалыпты жағдай. Ал, Ресей, Қытай, Канада сияқты елдерде (полиэтникалық мемлекет деп аталатын санатқа жататын) ұлттар ісімен, ұлттық саясатпен айналысатын арнайы органдар бар. Мысалы, Ресейде

ұлттық қарым-қатынас мәселесімен аймақтық дамыту министрлігі айналысады (бірақ оның негізгі қызмет бағыты — экономикалық).

Қазақстанда Ассамблея жанындағы жұмыс органы ретінде Президенттің 2005 ж. сәуір айында этникааралық қатынастарды зерттеу орталығын құру туралы жарлыққа қол қойғаны белгілі. Бұл органның қызмет нәтижесі қандай болатындығы уақыт еншісінде. Сонымен қатар Үкімет қаулысымен бекітілген Этникааралық және конфессияаралық келісімнің 2006–2008 жж. арналған қазақстандық үлгісін жетілдіру бағдарламасында «ұлттық саясат» термині қолданылғандығын атап өту қажет. Осы орайда «Ұлттық саясаттан қоғам не күтеді?» деген сауал туындайды. Бірінші кезекте, халықтың көші-қоны, демографиялық ахуал, мәдениет, тіл проблемалары сияқты күрделі мәселенің шешімін табуын күтеді. Ол үшін елдің саяси құрылымын демократияландыруды жалғастыра беру керек, ал азаматтардың басқару процесіне қатысуын, басқару аппаратының кәсібилігін арттыру сияқты мәселелер әлі де күн тәртібінде тұр.

Қорытындылай айтқанда, ұлт саясатындағы Ассамблея сияқты қоғамдық институттың өмір сүруін біртұтас мемлекеттің болашақтағы көрінісі емес, ал өтпелі кезеңнің уақытша көрінісі деп қарастырумыз керек. Олай болмаған жағдайда, елде сеператистік пиғылдардың пайда болуына және оны ішкі-сыртқы күштердің қоздыруына алып келуі мүмкін. Мемлекеттік басқару органдарында отырған басшылар, баспасөз өкілдері Президентіміздің осы бағыттағы саясатын дұрыс түсіну қажет, оның шын мағынасында уақытша қажеттіліктен туып отырғандығын, біртұтас Қазақ мемлекетін құрудың алғашқы баспалдағында басып өтетін жол екендігін, бірақ біртұтас Қазақ мемлекетін құрып шығудың ұзақ мерзімдік саясаты емес екендігін анық түсінуі, әрі халыққа оны тура түсіндіруі керек деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Назарбаев Н.Ә.* Еркін де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға қадам басайық: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. — 2000. — 25 қазан.
- 2 *Баймаханов М.Т., Вайсберг Л.М., Котов А.К.* Становление суверенитета Республики Казахстан (государственно-правовые проблемы) / Отв. ред. А.К.Котов. — Алматы: Ин-т государства и права НАН РК, 1994. — С. 64, 65.
- 3 *Общая теория права и государства: Учебник / Под ред. В.В.Лазарева.* — М.: Юрист, 1994. — С. 267.
- 4 *Булатова А.Н., Исмагамбетова З.Н.* Политология: Учеб. пособие. — Алматы: Дәнекер, 2000. — С. 78.
- 5 *Сагиндыкова А.Н.* Конституционное право Республики Казахстан: Курс лекций. — Алматы: Білім, 1999. — С. 88.
- 6 *Назарбаев Н.А.* Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации. — М.: Экономика, 2000. — С. 343, 344.
- 7 *Ащевлов А.Т.* Конституционное право Республики Казахстан: Учебник. — Алматы: КазГЮА, 2001. — 656 с.
- 8 *Котов А.К.* Казахстан — наше отечество (Власть. Общество. Конституция) / Гл. ред. А.Нысанбаев. — Алматы: Қаз. энцикл., 1998. — С. 71.
- 9 *Ашимбаев М.* Новые рубежи демократии // Казахстанская правда. — 2007. — № 78 (25323). — 25 мая.
- 10 *Тоқаев Қ.* Дәуірлік сипатқа сай батыл қадам // Егемен Қазақстан. — 2007. — № 138, 139 (24714). — 25 мамыр.
- 11 *Гмыря С.В.* Проблема выбора оптимальной модели избирательной системы в Казахстане в условиях трансформации современного общества // Науч. тр. «Әділет». — 1997. — № 2. — С. 14–19.
- 12 *Зиядин А.С.* Қазақстандағы саяси партиялар азаматтық қоғамды қалыптастырушы субъект ретінде: Саяси ғыл. канд. ... дис. автореф. — Алматы, 2008. — 25 б.
- 13 *Сапарғалиев Г.С., Салимбаева Ж.* Проблемы конституционной ответственности. — Алматы: Жеті жарғы, 2001. — С. 93.
- 14 *Майлыбаев Б.А.* Становление и эволюция института Президента Республики Казахстан: проблемы, тенденции, перспективы (опыт политико-правового исследования) / Под ред. С.З.Зиманова. — Алматы: Арыс, 2001. — С. 493.
- 15 *Назарбаев Н.А.* Становление и развитие Казахстана как суверенного государства. — Алматы: Дәуір, 1992. — С. 40.
- 16 *Назарбаев Н.А.* О положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики: демократизация общества, экономическая и политическая реформа в новом столетии: Послание Президента Республики народу Казахстана от 30 сентября 1998 г. // Казахстанская правда. — 1998. — № 184 (22655). — 1 окт. — С. 1–3.
- 17 *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі — еркін демократиялық қоғамды жедел дамыту: Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі (Астана, 2007, 16 мамыр) // Егемен Қазақстан. — 2007. — № 128. — 17 мамыр.
- 18 *Карелин С.* Казахстан перед выборами президента. В любом случае Назарбаев не свернет с пути сотрудничества с Россией // Казахстанская правда. — 1998. — 28 окт. (перепечатано с «Независимой газеты». — 1998. — 24 окт.). — № 201 (22672). — С. 2.
- 19 *Петрова В.Д.* Демократия посттоталитарного мира: История и современность. — Алматы: Атамұра, 1999. — С. 97, 98.
- 20 *Алексеев С.В., Каламанов В.А., Черненко А.Г.* Идеологические ориентиры России. — М., 1998. — Т. 1. — С. 26.

21 Сапарғалиев Г., Мухамеджанов Б., Жанузакова Л., Сакиева Р. Правовые проблемы унитаризма в Республике Казахстан. — Алматы: Жеті жарғы, 2000. — С. 38, 39.

22 Айтхожин К.К. Конституционный принцип идеологического многообразия // Вестн. Ун-та им. Д.А.Кунаева. — 2009. — № 4 (33). — С. 36–40.

23 Терещенко С.А., Балгимбаев А.С. К вопросу о общенациональной идее (на материалах теоретических документов партии «Отан» // Ұлттық идея және Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі: Қазақстанның Тәуелсіздігінің он жылдығына арналған халықарал. ғыл.-теор. конф. материалдары. — Алматы: ҚазМЗА, 2001. — 7–9-б.

24 Кишибеков Д. Какой быть нашей идеологии? // Мысль. — 1993. — № 10. — С. 28–30.

25 Назарбаев Н. Тарих толқынында. — Алматы: Атамұра, 1999. — 296 б.

26 Әбен Е. Ұлттық идея: мұң-мұқтаждық: Тез. // Саясат-Policy. — 1999. — 16–20-б.

27 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. (Кіріспе сөз). — Алматы: Білім, 2000. — 6-б.

28 Котов А.К. Суверенный Казахстан: гражданин, нация, народ (вопросы конституционного права). — Алматы: Жеті жарғы, 1996. — С. 85.

29 Общая теория права и государства: Учебник / Под ред. В.В.Лазарева. — М.: Юрист, 1994. — С. 385.

30 Ашимбаев М. Новые рубежи демократии // Казахстанская правда. — 2007. — № 78 (25323). — 25 мая.

31 Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Халықтар Ассамблеясы туралы ереже // САПП РК. — 1995. — № 8. — 84-б.

З.К.Аюпова, Д.У.Кусаинов

К проблеме совершенствования правовых основ политической системы в Республике Казахстан

В статье рассматриваются конституционные основы развития многопартийности, представительной демократии, а также проблемы совершенствования национальной идеологии как основного фактора укрепления государственности в эпоху глобализации. Авторы опираются на труды ведущих государствоведов нашей страны.

Z.K.Ayupova, D.U.Kussainov

To the problem of modernization of the legal bases of the political system in the Republic of Kazakhstan

The article considers the contents and features of implementation of personal and political rights of suspects and accused, being held in custody and gives the characteristic of their volume. The author, analyzing the characteristics of the implementation of some of the personal and political rights of suspects and accused persons held in custody, arrest, comes to the conclusion that their actual implementation in the field of detention differs from that of free citizens. New approaches to the study of this problem can be expressed in theoretical positions articulated by the author, as well as in the proposals to improve legislation.

References

- 1 Nazarbayev N.A. *Egemen Kazakhstan*, 2000, Oct., 25.
- 2 Baimakhanov M.T., Vaisberg L.M., Kotov A.K. *Creation of the sovereignty of the Republic of Kazakhstan (state and legal problems)*, Ed. by A.K.Kotov, Almaty: Institute of state and law of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 1994, p. 64, 65.
- 3 *Common theory of state and law: Textbook*, Edit. by V.V.Lazarev, Moscow: Yurist, 1994, p. 267.
- 4 Bulatova A.N., Ismagambetova Z.N. *Politology: Textbook*, Almaty: Daneker, 2000, p. 78.
- 5 Sagindykova A.N. *Constitutional law of the Republic of Kazakhstan: Lectures*, Almaty: Bilim, 1999, p. 88.
- 6 Nazarbayev N.A. *Strategy of the transformation of the society and renewal of the Eurasian civilization*, Moscow: Economy, 2000, p. 343, 344.
- 7 Asheulov A.T. *Constitutional law of the Republic of Kazakhstan: Textbook*, Almaty: KazGUY, 2001, 656 p.
- 8 Kotov A.K. *Kazakhstan — our land (Power. Society. Constitution)*, Edit. by A.Nysanbayev, Almaty: Kazakh encyclopedia, 1998, p. 71.
- 9 Ashimbayev M. *Kazakhstanskaya Pravda*, 2007, May, 25, 78 (25323).
- 10 Tokayev K. *Egemen Kazakhstan*, 2007, May, 25, 138–139 (24714).
- 11 Gmyria S.V. *Scientific works Adilet*, 1997, 2, p. 14–19.

- 12 Ziyaddin A.S. *Political parties of the Republic of Kazakhstan as the subject of the forming of the civil society*: Candidate of political sciences ... dis. ref., Almaty, 2008, 25 p.
- 13 Sapargaliyev G.S., Salimbayeva Zh. *Problems of the constitutional responsibility*, Almaty: Zhety zhargy, 2001, p. 93.
- 14 Mailybayev B.A. *Creation and evolution on the Institute of the Presidency in the Republic of Kazakhstan: problems, tendencies, perspectives (experience of the political-legal research)*, Edit. by S.Z.Zimanov, Almaty: Arys, 2001, p. 493.
- 15 Nazarbayev N.A. *Creation and development of Kazakhstan as the sovereign state*, Almaty: Daur, 1992, p. 40.
- 16 Nazarbayev N.A. *Kazakhstanskaya Pravda*, 1998, Oct., 1, 184 (22655), p. 1–3.
- 17 Nazarbayev N.A. *Egemen Kazakhstan*, 2007, May, 17, 128.
- 18 Karelin S. *Kazakhstanskaya Pravda*, 1998, Oct., 28, (Printed from «Independent newspaper», 1998, Oct., 24), 201 (22672), p. 2.
- 19 Petrova V.D. *Democracy of the post totalitarian world: history and modern time*, Almaty: Atamura, 1999, p. 97, 98.
- 20 Alekseyev S.V., Kalamonov V.A., Chernenko A.G. *Ideological vectors of Russia*, Moscow, 1998, 1, p. 26.
- 21 Sapargaliyev G., Muchamedzhanov B., Zhanuzakova L., Sakiyeva R. *Legal problems of unitarian state in the Republic of Kazakhstan*, Almaty: Zhety zhargy, 2000, p. 38, 39.
- 22 Aitkhozhin K.K. *Bull. of D.A.Kunaev University*, 2009, 4(33), p. 36–40.
- 23 Tereshchenko S.A., Balgimbayev A.S. *National idea and sovereignty of kazakhstan's statehood*: Materials of the International scientific theoretical conf., devoted to 10th Anniversary of the state sovereignty, Almaty: KazGUY, 2001, p. 7–9.
- 24 Kshibekov D. *Mysl*, 1993, 10, p. 28–30.
- 25 Nazarbayev N. *In the stream of history*, Almaty: Atamura, 1999, 296 p.
- 26 Aben E. *Saiasat-Policy*, 1999, p. 16–20.
- 27 Sharip A. *Kazakh poetry and national idea (Introduction)*, Almaty: Bilim, 2000, p. 6.
- 28 Kotov A.K. *Sovereign Kazakhstan: citizen, nation, people (questions of the constitutional law)*, Almaty: Zhety zhargy, 1996, p. 85.
- 29 *Common theory of law and state*: Textbook, Edit. by V.V.Lazarev, Moscow: Yurist, 1994, p. 385.
- 30 Ashimbayev M. *Kazakhstanskaya Pravda*, 2007, May, 25, 78 (25323).
- 31 *SAPP RK*, 1995, 8, p. 84.